

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

КЕДЕН, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫ

Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік

пәні

**бойынша семинар сабақтарын жүргізуге арналған ӘДІСТЕМЕЛІК
НҰСҚАУЛАР**

АЛМАТЫ, 2025 ж.

Жалпы ережелер

6B07303 «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабақтар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

Тәжірибелік сабақтар оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабақтардың мақсаты - дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабақтар студенттерге заңи терминологияны меңгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабақтарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжаттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды тандап алу машығына, өзінің даралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жариялап, түсіндіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді өкрсетіп, келесі сабаққа тапсырма береді).

Тәжірибелік сабақтардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минут сабақ барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут қуыаттың жұмсалуды ұсынылады.

Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, авторлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан - жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жоқ) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларына (өзге құқықтық актілер), ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасай отырып көрсетуі қажет.

Осы әдіснаманы меңгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

Семинар (лат. seminarium) жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу-әдістемелік кешен

студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабақтарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабақтары студенттерді оқу - танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

белгілі бір оқу курсын терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;

әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;

арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауа-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабақта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың әрі қарай зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабақтары дәріс сабақтарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалы қайталамайды.

Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиімді жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

Семинар-сұхбат семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабаққа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып,

басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды. Семинар-дискуссия, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері

тандалынады. Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабақтарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы

«дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

Семинардың аралас нысаны баяндамаларды нақтылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педагогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Семинар сабағына ұсынылатын сұрақтардың көлемі тақырыптың толық мазмұнын қамтымайды. Сондықтан, студент семинар барысында өзінің білімін әрі қарай кеңейтуі және тереңдетуі керек. Соған байланысты, тақырып мазмұнын ашып қарастыру үшін семинарға қосымша сұрақтар, жаттығулар және т.б. беріледі. Семинар сабағына ұсынылатын сұрақтардың көлемі тақырыптың толық мазмұнын қамтымайды. Сондықтан, студент семинар барысында өзінің білімін әрі қарай кеңейтуі және тереңдетуі керек. Соған байланысты, тақырып мазмұнын ашып қарастыру үшін семинарға қосымша сұрақтар, жаттығулар және т.б. беріледі.

Тақырып 1. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: түсінігі, пәні, құқықтық реттеу әдістері

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің мәнін ашу, құқықтық реттеу тәсілдері мен қағидаларын талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: заңнаманың міндеттері.
2. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: мақсаттары.
3. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: қағидалары.

Әдістемелік нұсқау:

Тақырыпты оқу барысында ҚР Конституциясын, ҚР Жер кодексін және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексін зерделеу ұсынылады. Әсіресе, заңды жауапкершіліктің құқықтық табиғатына көңіл бөлу қажет.

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

☐ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-ІІ Жер кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

☐ Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 212-VI Экологиялық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

☐ Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K170000120_.

- Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 326 б.
- Айгаринова А.Т., Жангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 447 б.
- Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы: Юрист, 2009. – 216 б.

Тақырып 2. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік заңнамасының тарихы
Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Қазақстандағы жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің тарихи қалыптасуын және даму тенденцияларын талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Қазақстандағы жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік саласындағы заңнаманың дамуы тарихы.
2. Қазақстандағы жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік саласындағы заңнаманың даму тенденциялары.

Әдістемелік нұсқау:

Қазақстанның құқық тарихына, кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі жер заңнамасына салыстырмалы талдау жасау ұсынылады.

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

□ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-ІІ Жер кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

□ Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 212-VI Экологиялық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

□ Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K170000120_.

□ Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 326 б.

□ Айгаринова А.Т., Жангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 447 б.

□ Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы: Юрист, 2009. – 216 б.

Тақырып 3. Жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершіліктің мазмұны мен түрлерін түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік түрлері.
2. Жер қатынастары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Айыппұлдар және өзге де әкімшілік ықпал ету шаралары.

Әдістемелік нұсқау:

ӘҚБТК-де қарастырылған жер қатынастарына қатысты құқық бұзушылықтарды талдап, олардың салдарын көрсету ұсынылады.

Әдебиеттер:

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.
- Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 212-VI Экологиялық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.
- Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K170000120_.
- Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 326 б.
- Айгаринова А.Т., Жангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 447 б.
- Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы: Юрист, 2009. – 216 б.

Тақырып 4. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жерді заңсыз пайдаланудан туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қарастыру.

Негізгі сұрақтар:

1. Жерді заңсыз пайдаланудан келтірілген залал үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрлері.
2. Жер заңнамасын бұзудан келтірілген залалдарды өтеу.
3. Бұзылған жер құқықтарын қалпына келтірудің құқықтық тетіктері.

Әдістемелік нұсқау:

Азаматтық кодекс нормаларына сүйене отырып, залалды өтеу және жер құқықтарын қалпына келтіру мәселелерін зерделеу қажет.

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.

- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.
- Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 212-VI Экологиялық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.
- Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K170000120_.

- Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 326 б.
- Айгаринова А.Т., Джангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы. – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 447 б.
- Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы: Юрист, 2009. – 216 б.

Тақырып 5. Қылмыстық жауапкершілік түсінігі. Жер заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық қылмыстар. Жер саласындағы қылмыстардың құрамы. Жер қатынастары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жазалар. Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге жер заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың мазмұнын, құрамын және қолданылатын жазалардың түрлерін түсіндіру. Жер қатынастары саласында қылмыстық жауапкершіліктің ерекшеліктерін айқындау.

Негізгі сұрақтар:

1. Қылмыстық жауапкершілік түсінігі және мәні.
2. Жер заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық қылмыстар.
3. Жер саласындағы қылмыстардың құрамы.
4. Жер қатынастары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жазалар.

Әдістемелік нұсқау:

Бұл тақырыпты оқып үйрену барысында студенттерге ҚР Қылмыстық кодексінің арнайы нормаларын (337–339-баптар, жерді заңсыз беру, жерді ұтымсыз пайдалану, табиғи ресурстарды бүлдіру туралы баптар) қарастыру ұсынылады. Теориялық материалды практикалық мысалдармен, нақты сот тәжірибесімен толықтыру тиімді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілде № 226-V. – «Әділет» АҚЖ. Қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>.
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 2003 жылғы 20 маусым № 442-II. – «Әділет» АҚЖ.
3. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 326 б.
4. Айгаринова А.Т., Джангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 447 б.
5. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы: Юрист, 2009. – 216 б.

Тақырып 6. Әкімшілік жауапкершілік және жер заңнамасын бұзумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Студенттерді жер заңнамасын бұзумен байланысты әкімшілік жауапкершіліктің құқықтық негіздерімен таныстыру, әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлерін талдау және олардың салдарын түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

1. Әкімшілік жауапкершілік ұғымы және ерекшеліктері.
2. Жер заңнамасын бұзумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар.
3. Әкімшілік жауапкершілік түрлері.
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ӘҚБтК) 136–146-баптарын қарастыруы қажет. Жерге меншік құқығы, жерді мақсатсыз пайдалану, жерді бүлдіру, жерді уақытында игермеген жағдайларда қолданылатын айыппұлдар мен өзге де

шараларды талдау ұсынылады. Әрбір құқық бұзушылыққа нақты мысал келтіріп, олардың құқықтық салдарын түсіндіру қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 5 шілде № 235-V. – «Әділет» АҚЖ.
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 2003 жылғы 20 маусым № 442-II. – «Әділет» АҚЖ.
3. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 326 б.
4. Айгаринова А.Т., Джангабулова А.К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 447 б.

Тақырып 7. Жерді қорғау міндеттері

Сабактың мақсаты мен міндеті:

Студенттерге жерді қорғаудың құқықтық негіздері мен экологиялық міндеттерін түсіндіру, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жерді қорғау шараларын меңгерту.

Негізгі сұрақтар:

1. Жерді қорғаудың құқықтық ұғымы мен принциптері.
2. Жерді қорғаудағы мемлекеттік бақылау.
3. Жерді ұтымды пайдалану және қалпына келтіру шаралары.

Әдістемелік нұсқау:

Сабакқа дайындалуда студенттер ҚР Жер кодексінің арнайы баптарын, сондай-ақ 2021 жылғы Экологиялық кодекс нормаларын зерделеуі тиіс. Жерді қорғау міндеттерінің теориялық және практикалық негіздерін нақты мысалдармен байланыстыру ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. ҚР Экологиялық кодексі, 2021 ж.
3. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы, 2008.
4. Айгаринова А.Т. Экологиялық құқық. – Алматы, 2018.

Тақырып 8. Жерді нысаналы пайдалануды бұзғаны үшін жауапкершілік

Сабактың мақсаты мен міндеті:

Жер учаскелерін нысаналы пайдалану тәртібін түсіндіру, оны бұзудың салдарын ашу және заңды жауапкершілік түрлерін талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер учаскелерін нысаналы пайдалану ұғымы мен мақсаттары.
2. Жерді мақсатсыз пайдаланудың салдары.
3. Жерді пайдалану мақсаттарын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер Жер кодексінің нысаналы пайдалану туралы нормаларын және сот тәжірибесін қарастыруы тиіс. Жауапкершілік түрлерін (әкімшілік, азаматтық, қылмыстық) нақты мысалдармен көрсету қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. ҚР Экологиялық кодексі, 2021 ж.
3. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы, 2009.

Тақырып 9. Жер салығына қатысты жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жер салығы институтының құқықтық негіздерін, төлеу тәртібін, мерзімін және төлемеген жағдайда қолданылатын жауапкершілікті түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер салығы: төлеу тәртібі мен мерзімі.
2. Жер салығын төлемегені үшін жауапкершілік.
3. Салық берешегін өндіру шаралары.

Әдістемелік нұсқау:

Салық кодексінің жер салығына қатысты бөлімін оқып, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын талдау ұсынылады. Салық төлеушілердің міндеттерін нақтылап, сот практикасын қарастыру қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Салық кодексі, 2017 ж.
2. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
3. Еркінбаева Л.К. Жер құқығы. – Алматы, 2008.

Тақырып 10. Қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзғаны үшін жауапкершілік
Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимін түсіндіру, ондағы заң бұзушылықтарды және жауапкершілік түрлерін талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Қорғалатын табиғи аумақтар және олардың құқықтық режимі.
2. Қорғалатын табиғи аумақтардағы бұзушылықтардың түрлері.
3. Құқықтық режимді бұзғаны үшін жауапкершілік.

Әдістемелік нұсқау:

Экологиялық кодекс пен «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңын оқу қажет. Заң бұзушылық мысалдарын қарастыру ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. ҚР Экологиялық кодексі, 2021 ж.
2. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңы, 2006 ж.
3. Айгаринова А.Т. Экологиялық құқық. – Алматы, 2018.

Тақырып 11. Жерді бүлдіргені үшін жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жерді бүлдіру ұғымын ашу, оған әкелетін себептер мен құқықтық жауапкершілікті талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Жерді бүлдіру ұғымы мен белгілері.
2. Жерді бүлдіруге әкелетін әрекеттер.
3. Жерді бүлдіргені үшін жауапкершілік түрлері.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер ҚР Жер кодексін, Экологиялық кодексті, сондай-ақ сот практикасын зерделеуі қажет. Жерді қалпына келтіру міндетін мысалдар арқылы көрсету ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. ҚР Экологиялық кодексі, 2021 ж.

Тақырып 12. Жерді ұтымсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жерді ұтымсыз пайдаланудың ұғымын ашу, оның салдарын және қолданылатын құқықтық жауапкершілікті түсіндіру.

Негізгі сұрақтар:

1. Жерді ұтымды пайдаланудың принциптері.
2. Ұтымсыз пайдаланудың салдары.
3. Жауапкершілік түрлері.

Әдістемелік нұсқау:

Жер кодексі мен Экологиялық кодекс нормаларын қарастырып, жер ресурстарын басқарудағы мемлекеттік бақылау мәселелерін талдау қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. Айгаринова Г.Т. Жер құқығы. – Алматы, 2009.

Тақырып 13. Жер мониторингі және кадастрын бұзғаны үшін жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жер мониторингі мен мемлекеттік жер кадастрының мәнін түсіндіру, оны бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершілікті талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер мониторингі мен кадастрдың құқықтық негіздері.
2. Жер кадастрын жүргізудегі заң бұзушылықтар.
3. Жауапкершілік түрлері.

Әдістемелік нұсқау:

ҚР Жер кодексіндегі жер кадастры туралы нормаларды оқу керек. Практикадан нақты мысалдармен талдау ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. Еркінбаева Л.К. Жер құқығы. – Алматы, 2008.

Тақырып 14. Жер ресурстарын басқару саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жер ресурстарын басқару жүйесін, ондағы құқық бұзушылықтарды және қолданылатын жауапкершілікті талдау.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер ресурстарын басқарудың мемлекеттік жүйесі.
2. Жер ресурстарын басқару саласындағы құқық бұзушылықтар.
3. Жауапкершілік түрлері.

Әдістемелік нұсқау:

Студенттер Жер кодексінің нормаларын қарастырып, басқару саласындағы құқық бұзушылық мысалдарын талдауы қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. Айгаринова А.Т. Экологиялық құқық. – Алматы, 2018.

Тақырып 15. Жер даулары және оларды шешу тәртібі

Сабақтың мақсаты мен міндеті:

Жер дауларының түрлерін, оларды шешудің құқықтық тәртібін және қолданылатын заңнаманы меңгерту.

Негізгі сұрақтар:

1. Жер дауларының түрлері.
2. Жер дауларын шешу тәсілдері.
3. Сот және соттан тыс тәртіппен шешу.

Әдістемелік нұсқау:

Жер кодексінің арнайы баптарын қарастырып, сот тәжірибесін талдау ұсынылады.

Дауларды шешудің медиация және арбитраж жолдарын атап өту қажет.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жер кодексі, 2003 ж.
2. ҚР Азаматтық процестік кодексі, 2015 ж.
3. Еркінбаева Л.К. Жер құқығы. – Алматы, 2008.